

A black and white portrait of a man with dark hair, a prominent mustache, and a serious expression. He is wearing a dark suit jacket, a white shirt, and a dark bow tie. Below the portrait is a blue ink signature that appears to read 'S. H. S.' or similar.

**Г.ТҮСІПОВА,
МӘСЛИХАТ ХАТШЫСЫНЫҢ М.А.**

Мерей

ЗЕРДЕЛІ АЗАМАТ ЗЕЙНЕТ ЖАСЫНДА

Өмір - өнегелі жандарымен өрнекті. Ұжым - білікті басшысымен абыройлы. Хал-қымыздың «Басшысы талапты - болса - ұжымы қанатты болар» дейтіні осыдан қалса керек. Біздің құттықтауымыздың да кейіпкері мындаған тағдырдың мерейін асырып, өнегелі өмірінде соны соқпақ салып, бүгінде бейнетінің зейнетіне жетіп отырған - Шет агротехникалық колледжінің директоры, білікті басшы, елжанды азамат Оразханов Рысбек Борқыбайұлы.

Ол кісінің ғибратты ғұмырдариясына көз жіберіп, тереңіне үңіле қалған жан тумысынан текті, бар бітім болмысы ұлтым, ұрпағым деген адамның жарқын бейнесін көретіні анық. Рысбек Борқыбайұлы 1959 жылдың 2 қазаны күні Шет ауданына қарасты Қайрақты ауылында дүниеге келген. Целиноград ауылшаруашылық институтын агроном мамандығы бойынша аяқтаған.

Еңбек жолын қатардағы агроном қызметінен бастап, өзінің кәсіби біліктілігі мен аса зор ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында Ақадыр, Шет аудандарында түрлі жоғары лауазымдарда жауапты басшылық қызметтерді абыройлы атқара білді. 2013 жылдан бастап ауданымыздағы қазыналы білім ошағы агротехникалық колледждің директоры болып тағайындалды. Жаңа директордың алдына қойылған міндет пен мойнына артылған жауапкершілік жүгі жеңіл болған жоқ. Оның алдында тұтас бір оқу ордасының материалдық-техникалық базасын нығайту, ұжымды жаңа ізденімпаз кадрлармен толықтыру, ұстаздардың



кәсіби біліктіліктерін арттыру сынды ауқымды жұмыстар тұрды. Тумысынан жанашылдық пен даралықты сүйетін жоғары пайым-парасат иесі бұл күрделі де құрметті мақсатты қажыр-қайраты мен кәсіби біліктілігінің, шебер ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында межелей білді.

Нәтижесінде алғашқы жылдан-ақ, қомақты қаржы алуға мұрындық болып, оқу ордасына және студенттер жатахана-сына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Барлық дөрісханалар мультимедиялық құрылғылармен жабдықталып, шәкірттердің білім алуына қолайлы жағдай жасалынды. Сонымен қатар, биылғы жылы кенді аймағымыздағы аудандарда орналасқан агротехникалық колледждер арасында біздің колледжіміз жеке дараланып 256 млн. теңге көлеміндегі қаржыға қол жеткізіп, заманауи

техникалар мен құрал-жабдықтар сатып алынды. Білікті басшының тағы бір ерекшелігі барлық ұжым мүшесі мен әрбір студенттің жан дүниесіне үңіліп, тіл табыса білетін қарапайымдылығы. Бүгінде киелі шаңырақтан қанат қағып, әр салада жемісті еңбек етіп жүрген жүздеген шәкірттің оқу ордасына оралып, сол кездегі парасатты басшының жанашырлығы мен рухани жан әлеміне дарыта білген терең тағылымы үшін алғыс айтуы - еселі еңбегінің жемісі деп білеміз.

Рысбек Борқыбайұлының ұзақ жылдар бойы білікті басшы, шебер ұйымдастырушы ретінде оқу ордасындағы айшықты істері жылдар өтсе де күн сәулесіндей жарқырап болашақ педагогтардың бағыт-бағдар алатын темірқабығына айналады деп сенеміз.

Құрметті Рысбек Борқыбайұлы!

Осы орайда, Сізді екінші отбасыңызға айналған ұлағатты ұжымыңыздың атынан қуанышты күніізбен қимас көңілімізді білдіре отыра, құттықтағымыз келеді. Осынау толқынысқа толы салтанатты сәтте деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, шаңырағыңызға шаттық пен бақ-береке тілейміз. Алдағы уақытта да тұғырыңыздан төмендемей, ел-жұртыңыздың ыстық ықыласы мен алғысына бөлене беріңіз.

Ізгі тілекпен,
Шет агротехникалық колледжінің ұжымы.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Красная поляна ауылдық округі ЖК "Бошанова АА" қожалығының (жетекшісі Айнагүл Бошанова) мөрі жоғалғандықтан жарамсыз деп танылсын.

На имя Иманбаевой Акжаркын Тургамбаевной ИИН 681025450296 утеряна лицензия №13013330 от 29.08.2013 г. Местоположение работы Шетский район ул.Абая, дом 6. Магазин "Несібе".

ХАБАРЛАНДЫРУ

03.04.2022 жылы қайтыс болған Калиев Алдангордың атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17 үй. Тел.8 701 751 1686.

18.06.2022 жылы қайтыс болған Сейпишев Рахшы Есимхановичтің атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17 үй. Тел.87017511686.

Құттықтаймыз!

Құрметті Рысбек БОРХЫБАЙҰЛЫ!

Сізді адам өміріндегі атаулы белестердің бірі 63 жасқа толған мерейтойыңызбен шынайы пейілмен құттықтаймыз!

Сіз табиғи қабілетіңіз бен күш-қуат жігеріңізді, жалындаған жастық шабытыңызды, кәсіби біліміңіз бен ақыл ой-парасаттыңызды Шет ауданының әлеуметтік экономикалық және басқада салаларының өсіп өркендеп дамуына арнадыңыз.

Осы бағытта айрықша жетістіктерге жетіп, халықтың көңілінен шығатын, есінде қалатын аса маңызды істерге бастамашы болдыңыз. Орда бұзар отыз жасыңызда елдің тізгінін ұстап, қыркында биік асуларды бағындырып, елдің тірегі мен айбары бола білген, қоғамда алатын лайықты орны бар біртуар азаматсыз.

Қай жерде және қандай лауазымды қызмет істесенізде, өзіңізді адамгершілік қасиеті өте жоғары, ой өрісі кең, бойында тектілік пен бекзаттықтың лебі есетін, әділеттің ақ жолынан таймайтын, адамдар тағдырына аса жауапкершілікпен қарайтын, арым жанымның садағасы деген өмірлік ұстанымы бар, әр ісінен нәтиже шығара білетін, білікті басшы, қадірлі азамат ретінде таныта білдіңіз. Өркен жайған жерге деген жанашырлығыңыз бен қамқорлығыңыздың, ізгілікті ниетіңіз бен ақжолтай тілеуіңіздің, байсалды және саликалы мінезіңіздің арқасында халықтың ықыласына бөленіп, ақ батасын алып жүрген абзал жансыз.

Оның дәлелі төрт мәрте өкілді органдарға депутат болып сайлануыңыз, мемлекеттік медальдар, Құрмет Грамоталарымен марапатталуыңыз. Татулық пен бірліктің ұйытқысы, ағайын туыстың, дос-жаранның ардақтысы, өнегелі ұрпақ тәрбиелеп өсірген, немере сүйіп отырған, қонысына құт-береке қонған ордалы әулеттің ақылшысы мен сүйенішісіз.

Сізге ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, отбасыңызға сыйлас-тық, әрқашанда мерейіңіз үстем болып, көкейкесті мұрат-мақсаттарыңыздың орындала беруіне тілектеспіз!

Шет аудандық мәслихатының депутаттары
және аудандық мәслихат аппараты.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

"Baytau MINING" ЖШС Қарағанды облысының Шет ауданындағы "Мұхтар" алтын кендерін барлау жоспарына және ықтимал әсерлері туралы есепке қоғамдық тыңдау өткізеді.

Тыңдау 2022 жылы 10 қараша сағат 15.00 - де Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақжал кенті, Абай көшесі, 5, әкімдік ғимараты мекен-жайы бойынша өтеді

Қоғамдық тыңдаудан өту кезінде онлайн трансляцияға қосылу үшін сипаттама: конференция идентификаторы: 320 844 9619 Пароль: 8dxvKq

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: "БАУТАУ MINING" ЖШС, 090000, Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Соколиная көшесі, 10А құрылыс БИН210940026534

Жоба материалдары келесі сайттарда орналастырылған: <https://ecoportal.kz> / және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>

Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты келесі мекенжай бойынша алуға болады: 090000, Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Соколиная көшесі, 10А құрылыс, тел. +7-700-083-8385

Ескертулер мен ұсыныстар сайтта қабылданады: ecoportal.kz және Қарағанды қ., Лобода к-сі, 20 мекенжайы бойынша expertiza.upr_krg@mail.ru; тел 7 (7212) 56-81-66.

ТОО «BAYTAU MINING» проводит общественные слушания на План разведки на рудопроявлении золота «Мухтар» в Шетском районе Карагандинской области и Отчет о возможных воздействиях.

Слушания состоятся 10 ноября 2022 года в 15.00 часов по адресу: Карагандинская область, Шетский район, поселок Ақжал, ул. Абай, 5, здание акимата.


Описание для подключения к онлайн трансляции при прохождении общественного слушания: Идентификатор конференции: 320 844 9619 Пароль: 8dxvKq

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «BAYTAU MINING», 090000, Республика Казахстан, Западно-Казахстанская область, г. Уральск, ул.Соколиная, строение 10А БИН210940026534

Материалы проекта размещены на сайтах: <https://ecoportal.kz/> и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>

Дополнительную информацию по материалам проекта можно получить по адресу и номеру: 90000, Республика Казахстан, Западно-Казахстанская область, г.Уральск, ул.Соколиная, строение 10А, тел. +7-700-083-8385

Замечания и предложения принимаются: на сайте ecoportal.kz и по адресу г.Караганда, ул.Лободы 20 expertiza.upr_krg@mail.ru; тел 7(7212)56-81-66



БЭМ - бұл био-энергетикалық массажер адам бойындағы биоэнергетикалық белсенді нүктелер мен меридиандарды ашып, адам ағзасындағы қан айналу системасын қалпына келтіре отырып, қанның қоюлануына, қан қысымының жоғарылауына, инсульт, инфаркт, қант диабеті, онкологиялық ісіктеріне жол бермеуге бағытталған алдыңғы қатарлы, жоғарғы технологиялық аппарат.

Бұл аппараттың көмегімен алған 45 минуттық массаж, 1-1,5 сағаттық 10 рет қолмен жасаған массажды және туйна, гуаша, отпен, инемен, банка қою (комплекті) алмастырады. Сонымен қатар, адам ағзасындағы қан айналу, лимфа, ішек құрылысы системаларының қызметін токсин мен шлактардан тазартып, созылмалы бауыр, бүйрек, жүрек, химия терапия алған онкологиялық науқастардың қалпына келуіне орасан көмегі зор.

Мекен-жайы: Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 73. Телефон: 8 71031 21272 немесе 8 7082351902, 8 7789249192 (Шолпан)

Жұмыс тәртібі: жұмыс күндері кешкі сағат 18.00-ден 22.00-ге дейін, сенбі, жексенбі күндері таңертеңгі сағат 10.00-ден кешкі сағат 22.00-ге дейін.



Шет аудандық қоғамдық-саяси газеті
Газеттің құрылтайшысы және меншік иесі М.Д.САДУАҚАСОВ

Директор-редактор
Мейрам Дәулетбекұлы

Жосалбай Салтанат Тұяқбайқызы, жауапты хатшы тел. 50-9-03
Қасымхан Отыңшин, Ақадыр өңірі бойынша жарнама қабылдаушы тел: 8 7057517898.
Бухгалтерия тел. 79-0-81

Редакция мекен-жайы: Ақсу-Аюлы, Шортанбай жырау даңғылы, 73 үй. Газет аптасына 1 рет, бейсенбі күндері шығады. Таралымы 1380 дана. Газеттің басылу сапасына "Арқо" баспаханасы жауап береді. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет редакцияда теріліп, беттелді. тел/факс: 2-11-42, 50-9-03, 50-9-72.

Эл. пошта: Shshugla@mail.ru Қарағанды қаласындағы "АРҚО" баспаханасында басылды. (Қ.Сәтбаев көшесі, 15) Тел: 8 7212 411780.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат Министрлігінде 2019 жылдың қаңтар айының 4 күні қайта тіркеуден өтіп, тіркеу туралы №17435-Г куәлігі берілген.